



## Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің кейбір мәселелері туралы

### *Күшін жойған*

Қызылорда облысы Қазалы ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 28 қыркүйектегі № 192 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 17 қазанда № 5995 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қазалы ауданы әкімдігінің 2026 жылғы 30 маусымдағы № 100 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қазалы ауданы әкімдігінің 30.06.2026 № 100 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

"Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңының 3-бабының 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес Қазалы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазалы ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері мен тәртібі, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшері айқындалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазалы ауданы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

АУДАН ӘКІМІ

Н.ШАМУРАТОВ

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қызылорда облысының ішкі істер департаменті  
Қазалы ауданының ішкі істер бөлімі"  
мемлекеттік мекемесі бастығының  
міндетін атқарушы

\_\_\_\_\_ Ж.А. Жакупов  
28 қыркүйек 2017 жыл

Қазалы ауданы әкімдігінің 2017 жылғы  
"28" қыркүйектегі № 192 қаулысына  
қосымша

**Қазалы ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері мен тәртібі, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшері**

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Қызылорда облысы Қазалы ауданы әкімдігінің 23.05.2019 № 77 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

### **1. Көтермелеудің түрлері**

1. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері:

- 1) алғыс жариялау;
- 2) грамотамен марапаттау;
- 3) ақшалай сыйақы беру.

### **2. Көтермелеудің тәртібі**

2. Қылмыстың алдын алуға және жолын кесуге жәрдемдескен қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу мәселелерін Қазалы ауданы әкімдігімен құрылатын қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу жөніндегі аудандық комиссия (бұдан әрі - Комиссия) қарайды.

3. Қылмыстың алдын алуға және жолын кесуге, қоғамдық тәртіпті қорғауға, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге белсенді қатысатын азаматтарды көтермелеу жөніндегі ұсыныстарды Комиссияға қарауға "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министірлігі Қызылорда облысының полиция департаменті Қазалы ауданының полиция бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Полиция бөлімі) енгізеді.

4. Комиссияның құрамына аудандық жергілікті өкілді және атқарушы органдарының, полиция бөлімінің өкілдері енгізіледі.

5. Комиссия қабылдаған шешім – көтермелеу үшін, ал комиссия қабылдаған шешімге сәйкес полиция бөлімі бастығының бұйрығы - көтермелеуге ақы төлеу үшін негіз болып табылады.

6. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысқан азаматтарға көтермелеу шараларын полиция бөлімі салтанатты жағдайда жүзеге асырады.

### **3. Ақшалай сыйақының мөлшері**

7. Ақшалай сыйақының мөлшерін комиссия қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге көтермеленетін адамның қосқан үлесін және ол немесе оның қатысуымен жолы кесілген құқыққа қарсы әрекеттің нәтижесінде келтірілуі мүмкін залалдың көлемін ескере отырып белгілейді және ол, әдетте, 10 есе айлық есептік көрсеткіштен аспайды.

8. Ақшалай сыйақыны төлеуді көтермелеуге ұсыныс енгізген полиция бөлімі облыстық бюджет қаражаты есебінен жүргізеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК